

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Курганбеков Жангелді Нурумбетовичтың диссертациясында бұдан бұрын орын алған бұзушылықтардың жойылуы туралы диссертациялық кеңесте тағайындалған 3 адамнан тұратын кеңес мүшелерінің ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Жұмыста қанша үлгілер алынғаны және тереңдігі туралы мәліметтер енгізілді.

Жалпы зерттеу барысында 10 көкөніс түрі (пияз, картоп, сәбіз, қияр, сарымсақ, қырыққабат, қызылша, қызанақ, редис, брокколи), 6 жеміс түрі (алма, шабдалы, құлпынай, карбыз, қауын, жүзім) зерттелінді.

Жалпы Түркістан облысындағы ауыр металдармен ластану бойынша картографияны құру үшін жалпы сынама ретінде алынған топырақ үлгілері мен мөлшері 1-ші кестеде келтірілген.

Кесте 1- Жалпы картография құру үшін алынған топырақ үлгілері

Үлгі алынған аудандардың атауы	Топырақ алынған тереңдік, см	Автокөлік жол бойынан алынған топырақ үлгілер саны	Егіс алқаптарынан алынған топырақ үлгілер саны	Жалпы саны
Мақтаарал ауданы (Жетісай қаласы)	0-25	18	3	21
Арыс ауданы	0-25	-	3	3
Қазығұрт ауданы	0-25	36	-	36
Созақ ауданы	0-25	-	8	8
Жалпы саны				68

2. Зерттеу барысында элементтік құрамды дәл және нақты анықтау мақсатында Varian 820-MS құрылғысы негізінде индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометриялық (ICP-MS) әдісі мен атомдық-абсорбциялық талдау (AAS) әдісі қатар қолданылды. Екі әдіс те аналитикалық мүмкіндіктері бойынша тиімді болғанымен, ICP-MS әдісі жоғары сезімталдық пен анықтау шегінің төмендігі арқасында анағұрлым дәлірек және сенімді нәтижелер көрсетті. Осыған байланысты зерттеу жұмысының келесі кезеңдерінде негізгі талдау әдісі ретінде индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрия таңдалып, зерттелетін үлгілердің құрамын терең талдауда қолданылған.

3. Диссертациялық жұмыстың қосымша материалдарында орындалған зертханалық зерттеулердің нәтижелерін айғақтайтын және зерттеу деректерінің сенімділігін дәлелдейтін 6 зертханалық хаттама (протокол) толық көлемде ұсынылған.

4. Жүргізілген талдаулар нәтижелері статистикалық әдістермен өңделіп, негізгі сипаттамалар – орташа мәндер, стандартты қателіктер мен дисперсиялық көрсеткіштер есептеліп, жұмыста ұсынылды. Осылайша, алынған мәліметтердің ғылыми негізділігі мен сенімділігі күшейтілген.

5. Картограмма құрастыруда қолданылған деректер нақты талдау нәтижелеріне негізделген. Түркістан облысының әртүрлі аудандарынан барлығы 68 топырақ үлгісі алынып, зертханалық зерттеулер жүргізілді. Зерттелген үлгілер

саны мен орналасқан нүктелер туралы мәліметтер диссертация мәтіні мен қосымша материалдарда нақты көрсетіліп, 33 суретке сәйкестендірілген.

6. Аталған ескертулер бойынша барлық қажетті түзетулер енгізілді. Кестелердегі өлшем бірліктері анық көрсетіліп, статистикалық талдаулар қосымша мәліметтермен толықтырылды. Сонымен қатар, диссертацияда кездескен грамматикалық қателер мен түсініксіз тұжырымдар түзетіліп, әдеби сілтемелер берілген ақпаратқа сәйкес толықтырылды, сондай-ақ барлық суреттерде өлшем бірліктері көрсетілген.

7. Аталған грамматикалық қателер назарға алынды. 6-шы қорытындыдағы «семейство» сөзі дұрыс аударылып, 8-ші қорытындыдағы грамматикалық қателер түзетілді. 9 және 10 суреттердің атауларындағы қателер де жөнделіп, мәтін қайта тексерілді.

8. СИ халықаралық жүйесі бойынша бірліктердің жазылуы бойынша ескертулер назарға алынды. Барлық беттерде көрсетілген секунд (с), минут (мин) және миллилитр (мл) бірліктері дұрыс жазылып, тиісті түзетулер енгізілді. Бірліктердің дұрыс жазылуы қамтамасыз етілген.

9. «2.3 Өсімдік үлгілерін талдаудың индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометриялық әдісі» тарауында өсімдік үлгілерін талдау әдісі келтірілген мұнда өсімдік үлгілеріне индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрия әдісімен қалай талдау жүргізілетіні, яғни үлгіні дайындау, еріту, өлшеуге дайындау және нәтижелерді алу тәртібі көрсетілді.

10. 89-бетте В.В. Добровольский және И.А. Авессаламов авторлары аталғанымен, бастапқыда сілтеме көрсетілмеген. Бұл кемшілік түзетіліп, сілтеме қойылған 193 және 194 пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсетілді.

11. 141-бетте «42 кесте – Есептеулер нәтижелері» атауы өзгертіліп, қазір 149-бетте «48 кесте – Дисперсиялық талдау бойынша есептеу нәтижелері» деп көрсетілді. Сонымен қатар, суреттердің атаулары ашылып, әрбір суреттің мазмұнына сәйкес нақты атаулары енгізілді. Бұл өзгерістер суреттердің мағынасын түсінуге және диссертациялық жұмыстың құрылымын айқындауға көмектесті деп есептейміз.


12. «Түркістан облысы аймағында көкөністерді өсіруде топырақ-өсімдік жүйесіндегі ауыр металдардың миграциялануын және трансформациялануын зерттеу» тақырыбына бір терминологияны қолданылды.

Диссертациялық кеңестің төрағасы
т.ғ.к., профессор




Жигнгисбаева Ж.А.

Диссертациялық кеңестің
тұрақты мүшесі т.ғ.д., профессор



Джакипбекова Н.О.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы
х.ғ.к., профессор



Изтлеов Г.М.